

А. Б. НҰРЖАНОВА

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ СОМАТИКАЛЫҚ ТІЛДІК МОДЕЛЬДЕРДІ БИНАРЛЫҚ ОППОЗИЦИЯ ТҮРҒЫСЫНАН ҚАРАСТЫРУДЫҢ КЕЙБІР ЖОЛДАРЫ

Соңғы жылдарда көптеген зерттеу жұмыстары тілдің лингвокультурологиялық, семасиологиялық, лингвокогнитивтік аспектісін айқындауға арналуда. Фразеологиялық бірліктерді зерттеудің жаңа бағыты, жаңа парадигмасы болып табылатын когнитивтік талдау негіздері В.Н.Телия ілімінде көрініс тапты. Тілдік таңбаның ерекше түрі болып табылатын фразеологиялық бірліктерде ұлттың мәдениеті, ауыз әдебиеті, діни философиясы, салт-дәстүлері, әдет-ғұрыптары, мифологиялық дүниетанымы көздерініздері жатыр [1].

Ғалымдар құрамында дене мүшелерінің атаулары кездесетін тұрақты сөз тіркестерін соматикалық фразеологизмдер деп атайтыны белгілі. Тұла бойдағы әртүрлі органдардың атқаратын қызметі арқылы жүзеге асып жататын қимыл-қозғалыстар, жалпы адамзат баласына ортақ болып келетіндіктен, соматикалық компонентті тіркестің ауыс мағынада қолданылуы негізінде туындайтын фразеологиялық бірліктермен тіларалық лингвистикалық бірліктердің қатары толығы түседі [2]. Тіл-тілдің негізгі сөздік қорының еңкөңелерінің бірі ретінде танылатын «анатомиялық атаулар» көп мағыналы, туынды жаңа сөз жасауға бейімділігімен ғана сипатталмайды, сонымен бірге тұрақты тіркестер жасаудағы белсенді қызметімен де айрықша көзге түседі [3].

Адамның басынан аяғына дейінгі барлық мүшесінің метафоралануын, яғни метафоралы мағынада қолданылмайтын адамныңдене мүшесі болмайтындығын, алғашқы адамдардың өзі айнала қоршаған ортасын өзінің дене мүшесіне ұқсата тануымен басталатын өте ертедегі кезеңдермен байланыстыруға болады [4]. Соматикалық фразеологизмдер этностыңғалам, әлем, дүние жайлы түсініктерінің көне элементтерін жаңғыртуға көмектеседі, ғаламның біртұтас тілдік моделін қалыптастыруға қатысады. Ғалам бейнесі туралы В.Н.Телия былай дейді: «Картина мира возникает, когда его изображают, в частности, образными средствами языка, живой метафорой» [5].

Адам өмірде кездескен әртүрлі оқиғаларға түсініктеме беруге, қоршаған ортасындағы құбылыстарды жорамалдай отырып ұғынуға тырысады.

Әлемдегі бүкіл құбылыстар мен оқиғаларды түсіндіре алатын рационалды жүйеге қол жеткізу – адамның негізгі қасиеті. Ол әлемді, ғарышты жүйелеу, реттеу және өзін сол жүйенің белгілі бір жеріне орналастыру үшін мифтер мен символдарды қолдану арқылы әлеммен үйлесімділікте болуға тырысады [6].

Ғалам моделіне үңіліп, оның құрылымына, пайда болуына терең бойлаған кезде, көшпелі қоғам адамы абстракттілі ойлаудан гөрі нақтылықты таңдағандығын байқаймыз. Мысалы, *жарық* ерқашанда жақсылыққа теңеледі. Ал, *қараңғы түн* – жамандықтың нышаны. Бұл иерархиялық классификацияныңбастамасы генотипте, яғни «адамзаттың ұжымдық жадында» қалыптасқан деуге болады [7]. Сол себептен соматикалық тілдік модельдерді бинарлық оппозиция негізінде қарастырудың маңызы зор. Бинарлық оппозицияның тиімділігі жөнінде Н.И.Толстой былай дейді: «по сути дела, это все относится не чисто к лингвистическому, а к логическому, или семиотическому аппарату, в этом и ценность этой методики для лингвистики, так как она не изолирует науку о языке, а вводит ее в более широкий круг научных дисциплин» [8, 182].

Қазақ тілінің фразеологиялық қазынасында дене мүшесінің атауларының қатысуымен жасалған бейнелі тұрақты тіркестер молынан кездесіп жатады. Соматикалық тілдік модельдерді саралап жікке бөлуде біз ғалам құрылысын адам тәнімен ұқсастыра түсінуге тырысамыз. Ғаламды танудың құралы тілден бөлек ойлау болып табылады. Ойлау арқылы адам өз санасында ғалам заңдылықтарын, ақиқат болмысты бейнелейді және оларды ұғым-түсініктер түрінде ұстап қалады, яғни ғалам (дүние) бейнесі дегеніміз – адамның ойлау әрекетінің атрибуты, ал ұғымдар мен олардың өзара байланысы, қарым-қатынасы түріндегі абстракция адам санасындағы дүние бейнесінің формасы болып табылады. Басқаша айтқанда, ойлау нәтижесінің бейнелегіштік қасиетінің нәтижесінде санада адамның өзін қоршаған ақиқат болмыс әлемінде бағыт-бағдарын межелеуіне, әлем жайлы жинақтаған білімін өз пайдасына жаратуына басшылық жасайтын дүние-

нің (ғаламның) концептуалды бейнесі қалыптасады [9, 69].

«Мифы народов мира» жинағында: «В казахской мифологии мир состоит из трех космических зон», – деп көрсетіледі [10]. Адамныңтұла бойы үш бөлікке (бас, дене, аяқ) бөлінетіндігі белгілі, сондықтан соматикалық тілдік модельдерді бинарлық жұп негізінде алып, қазақтыңмифтік танымындағы ғаламның үш қабатымен байланыстыра, салыстыра қарастырамыз:

1. *Жоғарғы әлем* *аспан (көк, Тәңірі) әлемі, күн, ай, жұлдыз адамның басы, шашы, маңдайы*
2. *Ортаңғы әлем* *жер беті (адам, қоғам, жан-жануар, құс т.б.) адамныңдене мүшесі (көз, құлақ, мұрын, ауыз т.б қол, қолтық, бел, кіндік т.б.)*
3. *Төменгі әлем* *жер асты әлеміне қатысты мифтік танымдар адамның дене мүшесі (белден төменгі, аяқ)*

Дәстүрлі дүниетанымымызда әлем – ерекше мән-мағынаға ие болмыс. Әлем – адамның мәдени тіршілігінің кеңістігі. Әлем адам үшін – ұстаз, танымның көзі. Ғаламды үш бөлікке бөліп қарастыру (*жоғарғы әлем, ортаңғы әлем, төменгі әлем*) халықтың ғаламды танып-білудегі басты ұстанымы. Ол адам денесінің үш бөлігімен сәйкес келеді: *бас – жоғарғы әлем*, яғни тәңірі әлемі. Күн сәулесінің жоғарыдан әлемге жылылық таратуымен сабақтас келеді, *дене – ортаңғы әлем*, яғни жер беті, ондағы тыныс-тіршілік, *аяқ – төменгі әлем* – жер асты әлемі – қараңғылық, өлім - өлілер әлемі.

Қазақ тіліндегі соматикалық тілдік модельдерді бинарлық оппозициялар тұрғысынан былайша саралап, жікке бөлуге болады:

- 1 *жоғары/төмен* « *көк/жер* ® *бас/аяқ*
- 2 *жер/жер асты әлемі* ® *белден төменгі: кіндік/аяқ*
- 3 *оң/сол* ® *оңкөз/сол көз, оңқұлақ/сол құлақ, оңқол/сол қол, оңаяқ/сол аяқ*
- 4 *ішкі/сыртқы* ® *жүрек, бауыр, бүйрек, қан, өт, т.б. / бас, шаш, көз, құлақ, ауыз, мұрын, қол, аяқ, тізе, өкше, саусақ, тырнақ, т.б*
- 5 *байлау, айқастыру/шешу* ® *қол, аяқ*
- 6 *жарық/қараңғы* ® *көз/құлақ*

7 *бүтін/сынық* ® *бас/аяқ, қол*

8 *еркек/әйел* ® *бас/мойын*

9 *өмір/өлім* ® *жүрек*

Жоғары/төмен « *көк/жер* « *жер/жер асты әлемі* бинарлық оппозициялар негізінде біз ғаламның бірінші қабаты - *жоғарғы әлем* ® *көк әлеміне* адамның басын жатқызамыз. Себебі адамның басы – жоғарғы әлем меншігі. Сондықтан да ол сакралды мәнге ие. Бұл жөнінде Г.Сағидолда былай дейді: «Бас – жерлік емес, «көк әлемінің» дүниесі. Қазақтың діни танымы «адамның басы Алланыңдобы» деп, бастың«Жаратқан Алланың меншік дүниесі» екендігін растайды [11]. Қазақ ұғымында басқа киетін бас киім де – киелі, қасиетті болып есептеледі. Этнограф-ғалым Н.Шаханова бас киімнің сакралды «жоғары жаққа» қатысты семантикалық статусын «құт» ұғымымен қарастыра келіп, «басқұт» мекендейтін, ұялайтын орын» деген түсініктің «қасиетті, киелі» саналуына негіз болғандығын айтады [12]. Сондықтан да қазақ бас киімді жерге тастауға, аяқпен басуға тыйым салады. Ал енді ғаламның екінші қабаты – адамның өмір сүретін ортасы *жер бетіне* адамныңтұла бойы – денесі және оныңбөліктері туралы айтқан кезде *ішкі/сыртқы - ашық/жабық, байлау, айқастыру/шешу, жарық/қараңғы, бүтін/сынық* сияқты бинарлық оппозицияларды алуға болады.

Ғаламның үшінші қабаты – *жер асты әлеміне* адамның аяғын жатқызамыз. Дәстүрлі дүниетанымымызда адамның аяғы – төменгі әлемге қатысты дене мүшесі. Аяқ киімді бас киімнен жоғары қоюға, аяқ киіммен үйдің төріне өтуге, аяғын аспанға көтеруге болмайды. Мысалы, «*аяғыңды басыңнан жоғары көтерме, басыңнан бағыңқайтады*» дейді. Бұл аяғымен «көкті тебу» деген ежелгі түркі әлеміндегі Тәңірі культімен байланысты тыйым сөз аяқтың төменгі әлем меншігі екендігін дәлелдейді.

Қорыта айтқанда, көшпелілердің өмір салтымен байланысты қазақ тіліндегі соматикалық тілдік бірліктерді бинарлық оппозиция негізінде қарастыру – адамныңғалам моделіндегі, қоғамдағы орнын айқындайтын иерархиялық сипаты бар құнды бағдарлардыңбірі болып табылады, – деп тұжырымдаймыз.

ӘДЕБИЕТ

1. Авакова Р. Фраземикадағы этнолингвистикалық концепция. Екінші халықаралық түркология конгресі // Қазіргі заманғы түркология: теориясы, практикасы және алдағы міндеттері. 94-99 бб.

2. Байрамова Л.К. Фразеология и перевод. С. 12-13.

3. Болғанбаев Ә. Анатомиялық атауларға байланысты

фразеологизмдер. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігін жасау тәжірибелері. Алматы, 1989. 107-б.

4. *Хасанов Б.* Қазақ тілінде сөздердің метафоралы қолданылуы. Алматы, 1966. 76-б.

5. *Телия В.Н.* О специфике отображения мира психики и значения в языке/Сущность, развитие и функции языка. М., 1987. С. 74.

6. *Кенжетай Д.* Қожа Ахмет Йасауи дүниетанымы. Түркістан, 2004.

7. *Цивьян Т.В.* Модель мира и ее лингвистические основы. М.: КомКнига, 2006. 280 с.

8. *Толстой Н.И.* О предмете этнолингвистики и ее роли в изучении языка и этноса // Ареальные исследования в языкознании и этнографии. Язык и этнос. Л.: Наука, 1983.

182 с.

9. *Сағидолда Г.* Дүние-әлемді көру арқылы қабылдаудың тілдік модельдері // ҚазҰУ Хабаршысы. Фил. сер. №9.

10. Мифы народов мира Т.П.

11. *Сағидолда Г.* Поэтикалық фразеологизмдердің этномәдени мазмұны. Алматы: Ғылым, 2003. 202 б.

12. *Шаханова Н.* Мир традиционной культуры казахов. Алматы: Қазақстан, 1998.